



# Қасым Қайсенов

Дайындаған:Кемаладинова Арайлым

Қабылдаған:Сергали Жангүл

Тобы:Мдт 201

# Қасым Қайсенов



# Өмірбаяны

- 1934 жылы мектеп бітіргеннен кейін Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына түсіп, 1938 жылы оны бітірген.
- Павлодар облыстық оқу бөлімінің саяси-ағарту жөніндегі нұсқаушысы болып қызмет атқарып жүргенде әскер қатарына шақырылып, әскери-барлау мектебіне жіберіледі.
- 1941 жылы қараша айында осы мектепті бітірген бойда, Оңтүстік-Батыс майданының штабына жөнелтіліп, сол жерден арнайы тапсырма алып, Украинаның басқыншылар қолында қалған жерінде партизан отрядын құру үшін жау тылына түсіріледі. Ол жерде Қайсенов Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Одан кейінгі кездерде, 1944 жылдың аяғына дейін Молдавия, Чехословакия, Румыния жеріндегі партизан қозғалыстарына қатысады.
- Отряд командирі болып жүріп, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткереді. Соғыс аяқталған соң Отанына — Қазақстанға оралып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы аппаратында жауапты қызметте болады.
- Жамбыл облысының Жуалы, Свердлов аудандарында атқару комитеттері төрағаларының орынбасары ретінде соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын қалпына келтіру науқанына белсене араласады.
- 1951-1954 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті жанындағы екі жылдық партия мектебінің аудармашылар бөлімінде оқиды.
- 1953-1972 жылдар аралығында «Жазушы» баспасы директорының орынбасары, Қазақстан жазушылар одағы көркем әдебиетті насихаттау бюросы директоры, «Қайнар» баспасы директорының орынбасары болып қызмет істейді.

# Шығармашылығы

- Қайсенов Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңін, жауынгерлердің жанқиярлық ерлігін шынайы суреттеген, оқушы жұртшылыққа кеңінен мәлім көптеген шығармалардың авторы.
- 1954 жылы орыс тілінде «Жас партизандар» атты алғашқы кітабы жарық көрді. Одан кейінгі кездерде
- «Илько Витряк»
- «Переяслав партизандары»
- «Ажал аузынан»
- «Жау тылындағы бала»
- «Днепрде»
- «Жау тылында»
- «Партизан соқпақтары», тағы басқа әңгіме, очерк, повесть жинақтары оқырман қолына тиді.
- Бұл шығармалары орыс, украин, басқа да көптеген тілдерге аударылған. Кейінгі кездері
- «Елімнің ертеңіне сенемін»
- «Естеліктер мен жазбалар», тағы да басқа кітаптары жарық көрді.

# Марапаттары

- «Богдан Хмельницкий»
- «Отан соғысы»
- «Чехословакия партизандары»
- Украинаның «За заслуга» ордендерімен
- Кеңестер Одағының көптеген орден, медальдарымен марапатталған.
- Қазақстан Жазушылар одағының Бауыржан Момышұлы атындағы Әдеби сыйлығының лауреаты.
- Қазақстанның халық қаһарма





### Халық Қаһарманы

- Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктері үшін Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен,
- Богдан Хмельницкий орденімен және көптеген медальдармен наградталды.

### Жазушы

- Жау тылындағы бала.
- Жау тылында.
- Переяслав партизандары.
- Днепрде.
- Партизан Қасым Қайсенов.
- Жас партизандар.
- Қасым Қайсенов шығармалары.
- Қаһарман Т.б.

### Аудармашы

- Ол М.Муратовтың "Ломоносовтың жастық шағы", Николай Томанның "Сабылтқан сағым",
- Мамед Кулизаде Джалилдің "Почта жәшігі" кітаптарын құнарлы тілмен оқушы жүрегіне жеткізді.

1918 - 2006

Халық Қаһарманы



Қасым Қайсенов 1941 жылы қараша айында партизан отрядын құру үшін жау тылына түсіріледі. Ол жерде Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарды. Соғыс аяқталған соң Қазақстанға оралып, әйгілі партизан Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырлығы үшін Халық Қаһарманы атағын иеленді.



ҚАСЫМ  
ҚАЙСЕНОВ



- **Қасым Қайсенов** — Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталан бас біртуар даңқты перзенті.
- 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келген. Ол 2006 жылы 30 желтоқсан күні 89 жасқа қараған шағында ауыр науқастан дүние салды.  
1934 жылы мектеп бітіргеннен кейін Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына түсіп, 1938 жылы оны бітірген соң Павлодар облыстық оқу бөлімінің саяси-ағарту жөніндегі нұсқаушысы болып қызмет атқарып жүргенде әскер қатарына шақырылып, әскери-барлау мектебіне жіберіледі.  
1941 жылы қараша айында осы мектепті бітірген бойда, Оңтүстік-Батыс майданының штабына жөнелтіліп, сол жерден арнайы тапсырма алып, Украинаның басқыншылар қолында қалған жерінде партизан отрядын құру үшін жау тылына түсіріледі. Ол жерде Қайсенов Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Одан кейінгі кездерде, 1944 жылдың аяғына дейін Молдавия, Чехословакия, Румыния жеріндегі партизан қозғалыстарына қатысады. Отряд командирі болып жүріп, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткереді. Соғыс аяқталған соң Отанына — Қазақстанға оралып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы аппаратында жауапты қызметте болады. Жамбыл облысының Жуалы, Свердлов аудандарында атқару комитеттері төрағаларының орынбасары ретінде соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын қалпына келтіру науқанына белсене араласады.  
1951-1954 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті жанындағы екі жылдық партия мектебінің аудармашылар бөлімінде оқиды.  
1953-1972 жылдар аралығында «Жазушы» баспасы директорының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағы көркем әдебиетті насихаттау бюросы директоры, «Қайнар» баспасы директорының орынбасары болып қызмет істейді.[1]  
**Шығармашылығы**  
Қайсенов Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңін, жауынгерлердің жанқиярлық ерлігін шынайы суреттеген, оқушы жұртшылыққа кеңінен мәлім көптеген шығармалардың авторы.
- 1954 жылы орыс тілінде «Жас партизандар» атты алғашқы кітабы жарық көрді. Одан кейінгі кездерде «Илько Витряк», «Переяслав партизандары», «Ажал аузынан», «Жау тылындағы бала», «Днепрде», «Жау тылында», «Партизан соқпақтары», тағы басқа өңгіме, очерк, повесть жинақтары оқырман қолына тиді. Бұл шығармалары орыс, украин, басқа да көптеген тілдерге аударылған. Кейінгі кездері «Елімнің ертеңіне сенемін», «Естеліктер мен жазбалар», тағы да басқа кітаптары жарық көрді.
- **Марапаттары**
- Қайсенов «Богдан Хмельницкий», «Отан соғысы», «Чехословакия партизандары», Украинаның «За заслуга» ордендерімен, Кеңестер Одағының көптеген орден, медальдарымен марапатталған. Ол Қазақстан Жазушылар одағының Бауыржан Момышұлы атындағы әдеби сыйлығының лауреаты. Қазақстанның халық қаһарманы.
- **Қасым Қайсенов (23 сәуір 1918, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы — 30 желтоқсан 2006, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы)** - Қазақстанның Халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталанбас біртуар даңқты перзенті.



- *Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан асса да ұрпақ майдангерлердің ерлігін ұмытпайды. Олардың қайсарлығы мәңгі жұрт жадында. Ұлы Отан соғысында әсіресе, қазақ жауынгерлері өзінің батылдығымен, қайсарлығымен көзге түсіп, жеңіске жетуге елеулі үлес қосты. Айқас алаңдарында өшпес ерлік жасағаны үшін 500-ге тарта қазақ жауынгері Кеңес Одағының батыры атанды, 100-ден аса адам Даңқ орденін иеленді. Бұл марапатқа ілінбей қалғаны қаншама. Мен бүгін қазақтың қайсар ұлы Қасым Қайсенов туралы жазғанды жөн санадым. Отан қорғау жолында ерлік көрсетуде қазақтың ер жүрек азаматтары ешқашан аянып қалған емес. Әсіресе Ұлы Отан соғысы кезінде толарсақтан қан кешкен қазақ сарбаздары өздері әлемді ат тұяғымен дүбірлеткен жауынгер, ер жүрек көшпенді елдің ұрпақтары екенін сан мәрте дәлелдеп бақты. Сұрапыл соғыс жылдары от кешіп, ерлік көрсеткен қазақтың аяулы ұлдарының бірі – Қасым Қайсенов. Болмыс-бітімі батырлық пен өрлікке толы атамыз бейбіт кезеңде де тегеурінділік танытып, ұлт рухын асқақтатып, басы ноқтаға сыймай өтті. Асаулығы мен өр мінезінен айныған жоқ. Қазақстанның халық қаһарманы, атақты партизан, өрі жазушы Қасым Қайсенов 1918 жылғы сәуірдің 23-інде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданында дүниеге келген. 1934 жылы мектеп бітіргеннен кейін Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына түсіп, 1938 жылы оны бітірген соң Павлодар облыстық оқу бөлімінің саяси-ағарту жөніндегі нұсқаушысы болып қызмет атқарып жүргенде әскер қатарына шақырылып, әскери-барлау мектебіне жіберіледі. 1941 жылы Мәскеудегі барлаушылар мектебінде соғыс әліптерін танығаннан кейін, Қасым Қайсенов жау қолында қалған Украина жеріне аттандырылады. Жау жайлаған елге ұшақпен келіп түскен сәттен бастап, Қасымның партизандық өмірі басталады. Өмірге Қасым Қайсенов болып дүниеге келген ол Украинаға барғанда бәрі оны "Василий, Вася" деп атап кеткен. Ол кезде Украина жеріне аттану жау тылына, ажал аузына барумен тең болатын. Қазақтың қас батыры Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Соғыс жылдары «Вася» деген атпен бүкіл Украинаға танылған Қасым Қайсенов бұрын қазақ деген халықты көрмек түгіл, атын естімеген алуан түрлі ұлттардың арасында жалғыз өзі жай оғындай жарқылдап, қазақтың батырлығын сан мәрте дәлелдеп, еліміздің абыройын асқақтатқанын мақтанышпен айтуға болады. Партизанға Карпат тауының басында ескерткіш қойылған Қасым Қайсеновтың Ұлы Отан соғысы кезінде партизандардың жау тылында көрсеткен ерлік қимылдары Отан соғысы тарихында алтын еріппен жазылған. Сол кезде партизан жасақтары тұн қатып, түсі қашып жорытқанын бәріміз білеміз. Өздері – күтпеген жерден киліге кетіп, жер соқтырып кететін кілең жүрек жұтқандар болатын. Ел кегін арқалаған партизан жасақтарына жүктелген міндет сол жылдары аз болған жоқ. Кейде жиырма, кейде қырықтан топтанып алып, үлкен-үлкен жорықтарға аттанып, аз күнде мың қаралы қосын ертіп алып, көбейіп қайта оралып отырған. Қасым атаның кейде қасына жалғыз ғана серік ертіп, жарты ай ішінде бес жүз болып шыға келетін кездері де аз болмаған. Мәскеуден арнайы тапсырма алып, он жігіттің басшысы ретінде жау қолындағы Украина жеріне аттанған сәті кейінгі жорықтарына өшпес із қалдырғаны анық. Одан кейін Батыр атамыз 1944 жылдың аяғына дейін Молдавия, Украинаның Закарпатье, Чехословакия, Румыния жеріндегі партизан қозғалыстарына қатысады. Отряд командирі болып жүріп, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткереді. 1944 жылы Украинаның Закарпат, Карпатты азат етуге қатысқан. Карпатты қақ жарып өткен жорықта құрама командирі Александр Тканко: «Қасым, сенің бұл ерлігің Карпат шыңының тасына жазылуға тиіс» деп айтқан. Бұл қайтпас қайсар батырға қарата айтылған шынайы баға еді. Қасым Қайсенов бұл туралы бір естелігінде: "Мен Украинада легендарный адаммын, онда мені тек Вася деп біледі. Украинада маған орнатылған ескерткіш бар. Карпат тауының ең ұшар басына, ең соңғы рет жау тылына барғанда алпыс адам ұшақтан түсіп іріткі салған ғой. Ол тауға түскен алпыс адамның елу үші қаза тауып кетті, жетеуіміз тірі қалдық. Сол Карпатта ұрыс салған алпыс адамға арнап, таудың ең биігіне мрамордан ескерткіш орнатқан. Вот, солай!", - деп айтқан болатын. Сонымен қатар ол Киев және Полтава облыстарындағы партизандар қозғалысын алғаш рет ұйымдастырушылардың бірі ретінде тарихта қалды. Партизандардың қалың қолын басқара отырып, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткеріп, фашистерді сан рет тізе бүктірді. Кеңес жері фашист басқыншыларынан азат етілген соң 1945 жылдың басында ол Отанына оралып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы аппаратын басқарды, содан кейін Жамбыл облысының Жуалы, Свердлов аудандарында атқару комитеттері төрағаларының орынбасары ретінде жұмыс істеді. Қаламгер-партизанның қаламұшынан «Илько Витряк», «Переяслав партизандары», «Ажал аузынан», «Жау тылындағы бала», «Днепрде», «Жау тылында» деп аталатын кітаптар жазып, ерлік жолдарын кейінгі ұрпаққа мұраға қалдырғанын да айта кетуім керек. Қасымның ерлігі елінде ұмыт қалған жоқ.*

Бүгінде біздер батыр атамыздың «Жау тылында» деп аталатын кітабын жата жастана оқып, оған еліктеп өсіп келеміз. Иә, біздер сол бір ерлікке толы кітапты оқи отырып, ондағы кейіпкерлердің ерліктеріне сүйініп, қиналғанда бірге мұңаямыз. Әйгілі партизанның қарапайым да жатық тілмен жазылған шығармаларының қаншама жасөспірімнің көкейінде намыс отын тұтатты десенісіз. Қасым Қайсеновтің осы бір шығармасы жас буынды отансүйіштікке тәрбиелеп, ерлікке баулуға таптырмаз құрал десем артық айтқандық емес. Қазақтың қаһарман ұлы Қасым Қайсеновтің ерлігі елімізде ұмыт қалған жоқ. Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласының қақ ортасында батыр ұлдың кеуде мүсіні қойылды. Ол туралы талай кітаптар жазылды, фильмдер көрсетілді. Қасым Қайсеновтің ішкі жан дүниесі, биік рухани келбеті ол кісінің замандастарының, қаламдастарының жазбаларында талай рет айшықталып қағазға түскен. Мәселен марқұм, жауынгер жазушы Әзілхан Нұршайықов тағдырлас ағасы туралы былай деп жазған: "Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде әркім әртүрлі бөлімдерде болып, неміс-фашистеріне қарсы күресті. Біреу танкист, біреу ұшқыш, біреу артиллерист болды. Енді біреулер жаяу әскер қатарында жаумен айқасты. Қасым Қайсеновтің үлесіне партизандық тиді. Ол алғашында Чапаев атындағы 8-партизан құрамасында №3 отрядтың командирі болып, Украина жерінде жауға желке жағынан соққы берді. Соғыс кезінде қалыптас әскердегі біздерді ел қару-жарақ, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды. Ұрыста сиреген қатарымызды да халық толтырды. Елдегі туыстарымыздан, сүйген жар, сүйікті қыздардан үнемі хаттар алып тұрдық. Осының бәрі бізге күш-қуат берді. Ал майданның сырт жағындағы партизандарда мұндай мүмкіндіктердің бірі де болған жоқ. Олар "Ер азығы мен бәрі азығы - жолда" дегендей, ордалы жалынның ортасында, фашистердің қоршауында жүріп, шыбын жанын шуберкеке түйіп, өздерін азық-түлікпен, қару-жарақпен қамтамасыз етті. Жау сыртына барып түскен 23 жасар Қасекен осындай күйде жүріп, партизан отрядын ұйымдастырды. Кейін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жалынды жігерінің арқасында Баукең Кеңес одағының Батыры атағы берілді. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін Нүреке өз Жарлығымен Рақымжан Қошқарбаевқа да, Қасым Қайсеновке де Халық қаһарманы атағын берді. Қасекен бұл лайықты атақты аса зор тебіреніспен қарсы алған еді. Ол өзінің соңғы сағатына дейін тәуелсіз мемлекетінің тынысын жырлаумен өтті. Еліміздегі елеулі оқиғаларға газет арқылы үздіксіз үн қосып отырды. Жеңістерге қуанды, кемістіктерге ренжіді. Бәрін ашық айтып отырды". "Қасым" фильмі тарихи әділдік орнатты. Иә, айтса айтқандай қайсар азаматтың өмір жолы жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Бұдан кейін де Қасым атаның ерлікке толы жолын халық арасында кеңінен насихаттауда көптеген жұмыстар атқарылды. Соны бірі нәм бірегейі батыр атамыздың майдан даласындағы ерлігін көпшілік қауымға паш ететін "Қасым" көп сериалы фильмі түсірілгенін ерекше атап өткенім жөн. Осы ретте жаңа туындыны түсіруге Қазақстан, Ресей, Украина киногерлері мен телекомпаниялары белсене атсалысты. Фильмде партизан Қасымның әскери тапсырмалары мен өзі басқарған отряд қозғалысы кеңінен баяндалған. Аты аңызға айналған қазақ партизанының өмірі украин жерімен тығыз байланысты. Өйткені, Қайсенов пен оның басқаруындағы Чапаев атындағы партизан отряды қанатып қанат қайсарлықты мен ұмытылмас ерліктерін осы мекенде көрсетті. Сондықтан, сериалдың басым бөлігі Украина жерінде түсірілген. Фильмді түсіруге атсалысқан телевизия маманы Арман Шораев бір сұхбатында: "Қасым" фильмін әскери детектив деуге болады. Ең бастысы, біз соғыс кезіндегі қазақ батырының ерлігін көрсете білдік. Негізі, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ұлттардың саны жағынан қазақтар төртінші орында тұр. Біз Ұлы Жеңіске үлкен үлес қостық. Түркі халықтарының ішінде Әлія мен Мәншүк "Кеңес Одағының Батыры" атағына ие болды. Оның өзі қазақ халқының өшпес рухын көрсетсе керек. Мен өзім ресейлік сериалдарды көрген кезде, өзбек, қырғыздарды жиі байқаймын. Ал қазақ туралы ештеңе айтылмайды. Сондықтан осы "Қасым" атты фильмді түсіру арқылы біз тарихи әділдікті орнатып отырмыз", – деп ойын ортаға салған еді. Майдангер Қасым Қайсенов 2006 жылы 89 жасқа қарағанда ауыр науқастан дүние салды. Тек жауынгер, қолбасшы ғана емес, көрнекті жазушы, қазақтың біртуары Қасым Қайсеновке "Халық қаһарманы" атағы алғашқылардың бірі болып берілді. Осылайша бүгінгі ұрпақ батырдың есімін ұлықтап, өнеге тұтып келеді. Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев атамыз Батыр ағасы туралы мынадай естелік жазған: —Ол біздің қанды қасаптан оралмай қалған мыңдаған ағаларымыз бен әкелеріміздің ақырғы көзіндей еді. Оған қарап, опат тапқан сол бір ержүрек ұрпақтың келбеті мен қасиетін көргендей болушы едік. Қарағайға қарсы біткен бұтақтай қайсар мінезіне әрі сүйсінуші едік, әрі именуші едік. Сүйсінетіміз: оның бір басына ғана емес, окоп түбінде ойрандалып қалған мыңдаған замандастарының бәріне де тән сол бір қайтпас қайсарлықтың арқасында аман қалып, адыра шаңырақтарды қайтадан қатарға қосу үшін алға тырмысып, азамат болдық. Қаймығатынымыз: ортамызда тірі жүрген оны ренжітсек, опат болған қаһарман ұрпақтың бәрін ренжітетіндей көруші едік. Бірақ, Қасекен тас түйін қайсарлығын сонау Карпат ормандарында қалдырғандай, қайсымызбен де: "Айналайын, амансың ба?" деп жаймашуақ амандасатын. Күркірей шыққан жуан дауысы құлағымызға майдай жағушы еді... Ол дүниеден өткенше кешегі күркіреген екінші жиһангерлік соғыстың жауынгері болып қала білді. Украинада жау басып алып, тірідей шерменде болып отырған қауымға Жаратушының өзі аяқ астынан жіберген ақ қанат періштедей көрінген құтқарушылық панасөйлігін Қазақстанға қайта оралған соң "қара қағаздар" бомбылауынан қансырап қалған қайғылы қауымның қайта тыңайып, қайта еңсе көтеруі жолындағы қалтқысыз еңбекке арнады. Қанжарын қаламға айырбастап, тым майса кезінде үсік шалып, жапырылып қала жаздаған жетім ұрпақтың жауынгер әкелері мен ағаларының ерлік бастандарын жазды. Ерлік туралы айта отырып, елдік жайында сыр шертті. Ұлттық намысты оятты. Ұрпақтық парызды ескертті. Елжандылық тағылымын көрсетті. Сол үшін де тәуелсіз қазақ мемлекеті қан түкіріп, от кешкен есіл ердің оған дейін бағаланбай келген теңдесі жоқ ерліктерін ең асыл ұлттық құндылығымыз санап, "Халық Қаһарманы" құрметті атағын берді. Бағзы бабасы Қабанбай батырдай даңқ шыңының даусыз дарабозы болып өмір сүрді. Ол өмір біз тәуілі бізден кейінгі қазақ ұрпақтарына халық жолында қалтқысыз еңбек етудің қастерлі өнегесі болып қала береді. Қалай десек те, төрт жыл сыз жастанып, жер кепе мен околта ұйқысыз, мазасыз түндерді, кескілескен шайқастарды басынан өткізген қайсар да қайтпас ер есімі қазірде батырлықтың символына айналды. Қандай қиыншылық болса да, Отан үшін от кешкен Батыр атамыздың өмірі мен ерлігі біз үшін үлгі. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды... Анықтама: Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов II дәрежелі "Бодан Хмельницкий" орденімен, I және II дәрежелі "Отан соғысы" екі орденімен, "Чехословакия партизандары", екі I дәрежелі "Отан соғысы партизанына" медалімен және Кеңес Одағының тағы басқа он бес медалімен, үш рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, Украин КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен және II және III дәрежелі "За заслуги" орденімен марапатталған. Батырға Қазақстанның "Отан" ордені, Қазақстан Жазушылар одағының Бауыржан Момышұлы атындағы сыйлығы берілген, А.Фадеев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты



Қазақстанның халық  
қаһарманы, жазушы,  
партизан, полковник.  
Қасым Қайсенов 1918  
жылдың 23 сәуірі күні  
Шығыс Қазақстан  
облысы Ұлан  
ауданының Асубұлақ  
ауылында, кедей  
шаруа семьясында  
туған.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!**